

**«Алматы электр станциялары» АҚ
Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген
(Самұрық-Энерго АҚ Басқармасы
отырысының хаттамасы №25
«14» желтоқсан 2016 ж.)**

~~МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУ РАЙОНА~~

ж. «20 г.
зандау мемлекеттік тіркеуден кітів еткізді
нұсқа

Алғашы тіркеуден түн ж. «20 г.
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА
произведена государственная перерегистрация
юридического лица ««Алматы электр станциялары» АҚ
свидетельство №25
Дата первичной регистрации «20 г.
БСН/БИН:

~~КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ КАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
МЕДЕУ АУДАНДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰДАТАРЫНА ФОРГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЖАТЫЛЫР ЕҢПӘЛГЕН~~

№ 178 БҮЙРЫГЫ
2014 ж. 18.01

~~МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ~~

ДРИКАЗ № 177
18. 01. 2014 г.

**«Алматы электр станциялары»
Акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

~~КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ КАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
МЕДЕУ АУДАНДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАНДАУ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН~~

2006 ж. 01 06 еткізді
№ 78188-910-90 нұсқа
~~МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА~~

01 06 2006
свидетельство № 78188-910-90
БСН/БИН 06064 0001473

Алматы қ. 2016 жыл

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - «ҚР») заңнамаларына сәйкес өзірленген және «Алматы электр станциялары» акционерлік қоғамының бұдан әрі «Қоғам» деп аталатын заңды тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтайды.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Қоғамның толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде - «Алматы электр станциялары» акционерлік қоғамы;
- 2) орыс тілінде - акционерное общество «Алматинские электрические станции»;
- 3) ағылшын тілінде – «Joint stock company «Almaty power plants»;

1.2. Қоғамның қысқартылған атауы:

- 1) мемлекеттік тілде - «АлЭС» АҚ;
- 2) орыс тілінде – АО «АлЭС»;
- 3) ағылшын тілінде – JSC «APP».

1.3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: 050002, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғылы, 7.

1.4. Қоғамның корпоративті веб-сайты - www.ales.kz.

1.5. Қоғамның қызметі шаруашылық дербес шаруашылық негізінде жүзеге асырылады.

1.6. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

1.7. Меншік формасы – жекеше.

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, жеке теңгерімі, банктік шоттары бар, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып алады және оларды жүзеге асырады, сottarda талапкер және жауапкер ретінде шығады.

2.2. Ұлгілері Қоғамның Басқарма Төрағасымен бекітілетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін Қоғамның мөрі, мөртаңбалары, бланкілері, сондай-ақ тауарлық белгісі және рәмізі бар.

2.3. Қоғам өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

2.4. Қоғам ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

2.5. ҚР заңнамасында қарастырылған тәртіpte, Қоғам заңды тұлға болып табылмайтын және ереже негізінде Қоғамның тапсырмасы бойынша және оның атынан әрекет ететін, оның тұрған жерінен басқа жерде филиалдар мен өкілдегіктер құруға, оларға өз мүлкі есебінен негізгі және айналымдық қаражат беруге, сондай-ақ коммерциялық емес үйымдар, соның ішінде мекемелер құруға құқығы бар.

2.6. Қоғамның өз Акционерінің мүлкінен оқшауландырылған мүлкі бар және өз міндеттемелері бойынша оған тиесілі мүлкі шегінде ғана жауапты.

2.7. Қоғамның Акционері оның міндеттері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өздеріне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

2.8. Қоғам өзінің Жалғыз акционері міндеттері бойынша жауап бермейді. Жалғыз акционер ҚР заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өздеріне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТИНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

3.1. Қоғамның мақсаты – жеке шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында таза кіріс алу.

3.2 Қоғам қызметінің негізгі мәні болып келесілер табылады:

1) жылу электр станцияларының электр энергиясын өндіруі;

2) су электр станцияларының электр энергиясын өндіруі;

3) жылу электр станцияларының жылу энергиясын өндіруі;

4) дербес қазандықтардың жылу энергиясын өндіруі;

5) жүктемені көтеруге электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету, электр қуатын реттеу және резервтеу;

6) электр энергиясын тұтынушыға сату;

7) суды жинау, өндіреу және бөлу;

8) темір жолды пайдалану;

9) қара және түсті металл сыйықтары мен қалдықтарын көтерме саудада сату;

10) өзге де металл емес қалдықтар мен сыйықтарды көтерме саудада сату.

3.3. Қоғам жоғарыда аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажетті және сәйкес ҚР қолданыстағы заңнамаларына қайшы келмейтін шарттар мен келісімдер жасауға құқылы.

3.4. Заңнамалық тәртіpte белгіленген алынуы қажет лицензиялар немесе басқа да рұқсат түрлерінің болуын қажет ететін қызмет түрлері, тек тиісті лицензия немесе басқа рұқсат ету түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

4. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИАТАЛЫ

4.1. Қоғамның Жарғылық капиталы ҚР «Акционерлік қоғам туралы» заңында (бұдан ері Заң) белгіленген талаптарға сәйкес анықталатын орналастыру құны бойынша олардың номиналды бағасына орай, Жалғыз акционер акциясының төлемі арқылы жасалады.

4.2. Қоғамның Жарғылық капиталын ұлғайту ҚР заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Қоғамның жарияланған акциясын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

5. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Қоғам Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін ҚР заңнамасында белгіліген тәртіpte:

1) Қоғам белгіленген тәртіппен ҚР аумағында және оның шегінде орналасқан банкілер мен басқа қаржылық ұйымдарда ұлттық та, шетелдік те валюталарында есепшоттар ашуға;

2) менишігінде оқшауландырылған мүлкі және жеке балансы болуға;

3) дивидендтер алуға;

4) өз атынан келісімдер жасауға (келісімдер, шарттар), мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алуға және жүзеге асыруға;

5) бағалы қағаздарды шыгаруға;

6) басқа ұйымдарды құруга немесе қызметіне қатысуға;

7) технологияларды, «НОУ-ХАУ» және зияткерлік менишіктің басқа да объектілерін және басқа да ақпаратты сатып алуға және ие болу мен пайдалануға құқық беруге;

8) ҚР және шетелдерде өздерінің филиалдары мен өкілдіктерін ашуға, жекеменшік мүліктілерінің есебінен оларға негізгі және айналым каражатын үлестеріп беруге және олардың қызметтерінің тәртібін белгілеуге;

9) соттарда талақкер және жауапкер ретінде шығуға;

10) Қоғам өз бетінше және белгіленген тәртіп бойынша өндірістік қызметті жоспарлауга, қызметкерлерге еңбекақы төлеуге, материалды-техникалық жабдықтауга, әлеуметтік дамуға, кадрларды тандауга, орналастыруға және қайта даярлаумен байланысты барлық сұрақтарды шешүге;

11) Қоғам ҚР заңнамасына сәйкес қазақстандық та, шетелдік те занды және жеке тұлғалардан теңге мен шетелдік валютада қарыз алуға және кредиттерді қолдануға;

12) Қоғам қарыз алуға және міндеттемелерінің, мұліктепері мен активтерінің барлығын немеме жартысын кепілге беруге;

13) Қоғам ішкі норативтік техникалық құжаттарды әзірлеуге және бекітуге құқылы.

14) ҚР заңнамасына және бағалы қағаздың кез келген түрін ұстаушыларға берілген құқықтарға сәйкес Қоғам өзінің бағалы қағаздарын қайта сатып алуға құқылы.

5.2. Қоғам:

1) ҚР заңнамасын сақтауға;

2) белгіленген тәртіpte бюджетке салықтар мен басқа міндеттік төлемдерді төлеуге;

3) өзінің мұлкі шегінде өз міндеттеріне жауап беруге;

4) Жалғыз акционер шешімімен белгілеген мерзім мен тәртіpte Жалғыз акционер анықтагаң мәселелер бойынша ақпарат ұсынуға;

5) ҚР заңнамасына сәйкес жауапкершілік етуге міндетті.

6) Қоғамның ҚР заңнамасы мен осы Жарғыда қарастырылған басқа да міндеттері мен құқықтары болуы мүмкін.

6. АКЦИЯЛАР, ОБЛИГАЦИЯЛАР. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ТАЛАБЫ

6.1. Қоғам акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

6.2. Жай акция Жалғыз акционерге оны қарастыруға шығарылыған барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді.

6.3. Акцияларды шығару талабы мен тәртібі акцияларды шығару проспектісімен белгіленеді.

6.4. Қоғамның жай акцияларына айналдыратын жарияланған акциялары мен басқа да бағалы қағаздарын орналастыруға, сондай-ақ бұрын сатып алынған жоғарыда көрсетілген бағалы қағаздарды таратуға ниет білдіретін Қоғам, ол туралы шешім қабылданған күннен бастап он (10) күн ішінде бағалы қағаздарды орналастыру (сату) туралы шешім қабылдаған Қоғамның органды белгіліген орналастыру (сату) бағасы бойынша бағалы қағаздарды сатып алу жөнінде жазбаша хабарландыру немесе жаппай ақпараттандыру құралы арқылы Жалғыз акционерге ұсынуы тиіс.

6.5. Қоғам, акциядан басқа құжаттық және құжаттық түрде емес басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. Бағалы қағаздарды шығару формасы, оларды шығару туралы шешім қабылдаған кезде анықталады.

6.6. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

6.7. Қоғам ҚР заңнамасына сәйкес орналастырылған акцияларының бір түрін Қоғамның акциясының басқа түріне ауыстыруды жүзеге асыра алады.

6.8. Қоғам ҚР заңнамасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі шешімі бойынша одан әрі өзінің қызметтің жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында облигация шығаруға құқылы.

6.9. Облигацияларды шығару талабы мен тәртібі, орналастырылуы, айналымы, олар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды таратудан түскен қаражатты пайдалану, ҚР заңнамасы мен облигацияны шығару проспектісі арқылы анықталады.

6.10. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылуы мемлекеттік тіркелгеннен кейін бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастырады. Жарияланған акциялар санының шегінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде Кордың орналастырылатын

(сатылатын) акцияларының саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешімді Қордың Директорлар кеңесі қабылдайды.

6.11. Қоғамның орналастырылатын акцияларының төлеміне ақша, ҚР өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғамның орналастырылатын акцияларына төлем жасауға ақша, ұмліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік мешілек объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін. Ақшадан басқа, өзге де мүлікпен (бағалы қағаздан басқа) төлем жасау ҚР заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

6.12. Егер қоғамның орналастырылатын акцияларына төлем жасауға мүлікті пайдалану құқығы енгізілсе, мұндай құқықты бағалау осы мүлікті пайдалануға төленетін ақының мөлшері негізге алына отырып, қоғамның оны пайдаланған бүкіл мерзіміне жүргізіледі. Аталған мерзім аяқталғанға дейін Қоғамның Жалғыз акционері келісімінсіз мұндай мүлікті алып қоюға тыйым салынады.

6.13. Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізбегі жүйесін жүргізуі, тек Қоғамның тіркеушісі ғана жүзеге асыра алады, ол қоғамның және оның аффилиириленген тұлғаларының аффилиириленген тұлғасы болмауы тиіс.

6.14. Қоғамның акцияларын және басқа бағалы қағаздарын кепілдікке беру мәселесі, ҚР заңнамасына және кепілдікке беру шартына сәйкес реттеледі.

6.15. Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізбегі жүйесін енгізу тәртібі, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығын реттеу және қадағалау жүргізуі жүзеге асыратын мемлекеттік орган өкіліне (бұдан әрі өкілетті орган), сол бойынша ақпарат ұсыну ҚР бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен анықталады.

6.16. Қоғам орналастырылатын акция төлемі толық төлегенге дейін, Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізбегіне, оны сатып алушының шотына осы акцияны тіркеу туралы бұйрық шығармауы тиіс.

6.17. Қоғам өзі орналастырган бағалы қағаздарды, тек келесі жағдайда кепілдікке ала алады, егер:

- 1) кепілдікке берілген бағалы қағаздар толық төленген болса;
- 2) Қоғамга кепілдікке берілетін акциялар мен онда кепілдікте тұрған акциялардың жалпы саны, Қоғам сатып алған акцияларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылған акцияларының жалпы санының жиырма бес процентін құраса;
- 3) акцияны кепілдікке алу туралы шарт Жалғыз акционермен макулданған болса.

7. ДИВИДЕНДТЕР

7.1. Қоғамның таза кірісі (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер) Жалғыз акционердің атқарушы органды шешімімен анықталған тәртіппе таратылады.

7.2. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жылдың қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

7.3. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттер төлеу туралы шешімді Жалғыз акционердің атқарушы органды қабылдайды.

7.4. Жалғыз акционердің атқарушы органды Қоғам акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылыш.

7.5. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер, ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

7.6. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу оның бағалы қағаздарымен төлеуге рұқсат беріледі, егер Қоғамның жарияланған акцияларымен және олар шығарған акциялардың Жалғыз акционердің атқарушы органдының жазбаша келісімі болса, онда мұндай төлем жүзеге асырылады.

7.7. Қоғамның жай акциялары бойынша:

1) меншікті капитал мөлшері теріс болған кезде немесе егер Қордың меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам ҚР банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе, не аталған белгілер Қорда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

8. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

8.1. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) алқалы атқарушы орган – Басқарма болып табылады.

8.2. Егер Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары Жалғыз акционерге тиесілі болса, акционерлердің жалпы жиналышы өткізілмейді. Заңда және қоғамның осы Жарғысында акционерлердің жалпы жиналышының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді мұндай акционер жеке-дара қабылдайды және жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

9. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

9.1. Қоғамның Жалғыз акционері:

- 1) ҚР заңнамалары және осы Жарғыда қарастырылған тәртіpte Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы, соның ішінде Жалғыз акционер және/немесе осы Жарғымен белгіленген тәртіpte Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;
- 4) Қоғамның тіркеуішінен немесе номиналдық ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға жеке меншік құқығын растайтын көшірмелерді алуға;
- 5) Қоғамның органдары қабылдаған шешімді сottық тәртіpte талап етуге;
- 6) Қоғамның қызметі туралы ақпараттар алуға, соның ішінде Қоғамның аффилиирленген ұйымдарындағы қызметі туралы құпиялық ақпараттарды сұраныста белгіленген мерзімде немесе сұраныс түскен күннен бастап отыз күнге дейін алуға;
- 7) Қоғамды таратқан кезде қоғам мүлікінің белігін алуға;
- 8) ҚР заңнамасында белгіленген тәртіp бойынша акцияларды немесе қоғамның басқа да акцияға айырбасталатын бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;
- 9) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 10) Аудиторлық ұйымның Қоғамның аудитін өз есебінен жүргізуі талап етуге;
- 11) Қоғамға оның қызметінен қатысты жазбаша сұраныс арқылы өтінім жасага және сұраныста белгіленген мерзімде немесе Қоғам сұранысты алған сәттен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей дәлелді жауап алуға;
- 12) ҚР заңнамасында белгіленген тәртіpte өзінің құқығы бұзылғаны үшін өтемақы алуға;
- 13) Қоғамның өкілдерімен Жалғыз акционер мен корпоративті басқару басқармасының негізгі құқықтары сақталуы мәселесін талқылауға;
- 14) Қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүргінуге құқылы.

9.2. Жалғыз акционердің атқарушы органды, Қоғамды өз еркімен тарату немесе жою туралы мәселені қарайды.

9.3. Жалғыз акционер:

1) ҚР заңнамаларында белгіленген тәртіппен акцияларды төлеуге;

2) Қоғам акцияларын ұстаушыларының тізбегін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы Қоғамның тіркеушісін осы акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысын он күн ішінде хабардар етуге;

3) Қоғам туралы немесе оның қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияларды құрайтын қызметі туралы мәліметтерді жария етпеуге;

4) ҚР заңнамаларына сәйкес басқа міндеттерді атқаруға міндетті.

9.4. Қоғам мен Қоғамды тіркеуші осы Жарғының бабы 9.3.-тармағы 2)-тармақшасында белгіленген талантарды Жалғыз акционердің орындаудағы салдары үшінжаупты болмайды.

9.5. ҚР заңнамасы және осы Жарғыда қарастырылған Қоғамның органдарын сайлау мәселесі жөніндегі материалдар және өткен қаржылық жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту мен Қоғамның бір жай акциясы есептеудің қаржы жылындағы мөлшері туралы акпараттардың болуы тиіс.

10. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТИ

10.1. Жалғыз акционердің айрықша құзыretіне мынадай мәселелер жатқызылады:

1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа басылымда бекіту;

2) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылған жарияланған акциялар түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау тәртібін және шарттарын анықтау туралы, сондай-ақ олардың өзгерту;

5) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын Қоғамның бағалы қағаздарын шыгару туралы;

6) орналастырылған акцияның бір түрін басқа түрге айырбастау туралы, осындағы айырбастаудың талабын анықтау;

7) Қоғамның директорлар кеңесінін сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Тәрағасын және оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілістері мен комитеттерінде Директорлар кеңесінің мүшелерінің қатысуымен байланысты шығындарды айқындау;

8) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қоғамның Басқарма Тәрағасын сайлау және белгілінген тәртіpte еңбек қатынастарын тыйып, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Қоғамның өзге заңды тұлғаларын құруға немесе қызметіне қатысу немесе Қоғамға тиесілі барлық активтерден сомасынан жиырма бес және одан көп пайызды құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы (алу) акционерлердің құрамынан (қатысушылар) өзге де заңды тұлғалардың шығуына Қоғамның қатысуы;

10) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту туралы;

11) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;

12) Жалғыз акционер Қоғамы қызметкерлерінің тізбегін бекітуді, олардың тағайындалуы мен келісілуін жүзеге асырады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, Қоғамның қызметкерлеріне аттестация өткізу талабы мен шарттың бекіту: отырган лауазымына сәйкесін және кадрлар резервін құру, сондай-ақ міндетті аттестациядан өтетін қызметкерлердің тізімін бекіту;

14) Қоғамның Басқарма төрағасы мен атқарушы органдарының мүшелерінің лауазымдық жалақысы мөлшерін және еңбекақы төлеу мен сыйақы беру шарттарын анықтау;

15) Қоғамның Басқарма төрағасы, атқарушы органдарының мүшелері өзге ұйымдарда жұмыс жасауды мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

16) Қоғамның кадрлық саясатын бекіту;

17) Қоғам қызметкерлерінің жалпы штаттық санын, ұйымдастырушулық құрылымы мен штаттық кестесін бекіту, Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшылық кестесі мен бекітілген штаттық саны шеңберінде Қоғамның ішкі аудитінің қызметін қоспағанда;

18) қызметтік женіл автокөліктің нормативтері мен әкімшілік аппаратты орналастыруға арналған аумақтың қалпын анықтау;

19) Қоғамның қызметтік іссапарларға жіберілетін қызметкерлерінің шығынын өтеу тәртібі мен шарттың анықтау;

20) Қоғам қаражаты есебінен қызметкерлерге ұялы байланыспен қолдану құқығын берген жағдайда шығындардың орнын толтыру лимиттерін, өкілеттік шығындар лимиттері мен өзге лимиттерді анықтау;

21) Жылдық шоғырланған және жеке қаржылық есебін бекіту;

22) қаржылық есеп беру жылындағы Қоғамның таза кірісін тарату тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендерді төлеу туралы шешім қабылдау, Қоғамның жай бір акциясын есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту;

23) Қоғамның жай акциясы бойынша дивидендерді төлемеу туралы шешім қабылдау;

24) ұйымдастырылмаган нарықта ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Занғына сәйкес сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту;

25) Қоғам қызметінің басымды бағыттарын анықтау;

26) Қоғамды дамыту стратегиясын, Қоғамды дамыту жоспарын бекіту, сондай-ақ Қоғамның дамыту стратегиясына мониторинг жүргізу, Қоғамның дамыту жоспарын орындау;

27) Басқарма төрағасы мен Қоғамның атқарушы органдарының мүшелері үшін қызметтерінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерінің стратегиясын бекіту, сондай-ақ оның іске асырылуына мониторинг жүргізу;

28) Қоғамның Корпоративті басқаруды дамыту Кодексін бекіту туралы, сондай-ақ оны өзгерту және толықтыру;

29) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау туралы және оның қызметінің төлемі мөлшерін анықтау;

30) листинг алу және Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдайды;

31) нәтижесінде елу және одан да көп пайзы иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау қуніне құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайзын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені акционерлік қоғамның жасасуын мақұлдау туралы шешім қабылдауы;

32) шешім қабылдауы ҚР заңнамалық актілерінде және (немесе) осы Жарғыда Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

10.2. Егер Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне

жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және қогам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

10.3. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

11. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

11.1. Қоғамның директорлар кеңесі – ҚР Зандары және осы Жарғымен Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның органы.

11.2. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқарған мермізіміне сыйақы беріледі және Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқарумен байланысты шығындардың орны толтырылады. Осындай сыйақы мен өтемақылардың мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

11.3. Директорлар кеңесі өз қызметтерін ҚР заңнамаларына, Жарғыга, Корпоративті басқару кодексіне, Директорлар туралы ережеге және Қоғамның басқа ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

11.4. Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне келесі мәселелер жатады:

1) Жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

2) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғам қызметінің қорытындысы жөніндегі жылдық есепті бекіту;

4) Қоғамның Жалғыз акционерінің атқарушы органдына откен қаржылық жылдағы Қоғамның таза кірісін және Қоғамның бір жай акциясына дивиденд мөлшерін үлестіру тәртібі туралы ұсынтарды ұсыну;

5) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;

6) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің жалақысы көлемі мен шартын айқындау (Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі Комитеттің ұсынысы бойынша);

7) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің тиімділігі бағасын жүргізу;

8) Қоғамның ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

9) Қоғамның ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарau және сол бойынша шешім қабылдау (Қоғамның Директорлар кеңесінің аудиті жөніндегі Комитеттің ұсынысы бойынша);

10) Қоғамның корпоративті хатшысы өкілеттігін тағайындау, мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

11) Қоғамның корпоративті хатшысының лауазымдық жалақысы көлемі мен сыйақы шартын анықтау;

12) Қоғамның корпоративтік басқаруының тиімділігін бағалау, Қоғамның директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылатын мәселелер бойынша Қоғамның корпоративтік басқару жүйесіндегі өзгерістерді бекіту немесе Қоғамның Жалғыз акционерінің құзіретіне жататын Қоғамның корпоративтік мәселелері бойынша Қоғамның жалғыз акционеріне ұсыныстар әзірлеу;

- 13) Біліктілік көрсеткіштері мен Директорлар кеңесінің мүшелерінің тәуелсіздігі көрсеткіштеріне қатысты Жалғыз акционерге ұсыныс әзірлеу;
- 14) Директорлар кеңесінің марапаттау төлемін анықтау және шарттары көлемі, тәртібі бойынша Жалғыз акционерге ұсыныстар әзірлеу;
- 15) Қоғамның омбудсмен өкілдіттігін тағайындау және мерізімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ол туралы ереже бекіту;
- 16) Қоғамның іскерлік этикасының кодексін бекіту, сондай-ақ оның ережелерінің сакталуын қамтамасыз ету;
- 17) Қоғамның тәуекелдерін басқару саясатын бекіту;
- 18) Қоғамның есептеу саясатын бекіту;
- 19) Қоғамның ішкі аудиті жөніндегі саясатты бекіту;
- 20) Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі саласындағы саясатын бекіту;
- 21) Қоғамның экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік шенберінде саясатты бекіту;
- 22) корпоративтік қақтығыстарды реттеу жөніндегі саясатты және Қоғамдағы мүдделердің қақтығыстарын реттеу жөніндегі саясатты бекіту;
- 23) Қоғамның ақпараттық саясатын бекіту және оның тиімділігіне бағалау жүргізу;
- 24) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен саясатқа сәйкес Қоғамның лауазымды қызметкерлері мен өзге қызметкерлерінде туындайтын корпоративті қақтығыстар мен мүдделердің қақтығыстарын реттеуге мониторинг жүргізу және қатысу;
- 25) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту, оның ішінде, шарт пен аукцион өткізу тәртібін және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылуын белгілейтін ішкі құжаттар;
- 26) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесі қызметін тәртіптемелеуші құжаттарын бекіту;
- 27) Қоғамның Басқармасы туралы ережені бекіту;
- 28) Қоғамның Корпоративті хатшысы туралы ережені бекіту;
- 29) Қоғамның жалпы тәуекел-аранын, Қоғамның әр негізгі тәуекеліне қатысты толерантты деңгейін бекіту;
- 30) Қоғамның тәуекелдерді тіркелімін және картасын бекіту;
- 31) Қоғамның тәуекелді басқару жүйесін және ішкі бақылауды реттейтін ішкі құжаттарын бекіту, сондай-ақ тәуекелді басқару жүйесі мен ішкі бақылау тиімділігін бағалау;
- 32) Қоғамның даму жоспарын, даму стратегиясын атқару және жүзеге асыру туралы басқармалық есепті Қоғамның директорлар кеңесіне ұсыну тәртібі мен формалырын бекіту, Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштеріне және олардың мақсатты мәндеріне қол жеткізу, Қоғамның негізгі тәуекелдері мен оларды басқару тиімділігі туралы;
- 33) Қоғам тікелей немесе жанама түрде акцияларды (қатысу үлесімен) иелентін Қоғамның (құру, тарату, жою, сатып алу және/немесе шеттету, сенімгерлік басқаруға беру, ауыртпалық салужасау/ және т.с. мәселелерін қосқанда, тек мұнымен шектелмейді) және заңды тұлғалардың активтерін басқару мәселелерін реттейтін құжаттарды бекіту;
- 34) Қоғамға тікелей немесе жанама тиесілі акциялары (қатысу үлесімен) бар заңды тұлғалардағы лауазымдық тұлғаларды сайлауга қатысты (тағайындау) саясатшыларды шығару;
- 35) Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында, Жалғыз акционер мен Қоғамның Төрағасы құзыретіне жататын ҚР заңнамалары және (немесе) осы Жарғыға сәйкес қабылданған құжаттады қоспағанда, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге құжаттарын бекіту;
- 36) Қоғамның директорлар кеңесінің комитеттерін құру және құрамдарын анықтау және олар туралы ережелерді бекіту, Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау;

- 37) Қоғамның директорлар кеңесі комитетінің қызметіне бағалау жүргізу;
- 38) Қоғамның директорлар кеңесі мен ішкі аудит қызметі хатшысының штаттық жестесін бекіту;
- 39) Қоғам мен еншілес ұйымдардың қызметкерлеріның тізбесін анықтау, олардың тәжірибелісінде мен келісуі Қоғамның директорлар кеңесімен жүзеге асырылады;
- 40) Қоғамның директорлар кеңесімен бекітілген тізбесіне сәйкес Қоғам Басқармасының мүшелері және Қоғамның өзге қызметкерлерімен Қоғам жасайтын шарттың маңызды талаптарын бекіту;
- 41) Қоғамның Директорлар кеңесі бектікен тізбеге сәйкес Қоғам Басқармасының мүшелері және Қоғамның өзге қызметкерлерінің жалғастырын жоспарлау бағдарламасын бекіту;
- 42) Қоғамның шет елдегі филиалдары мен өкілеттіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау;
- 43) Өзге заңды тұлғалардан он және одан көп акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлесімен) пайызын сатып алу (бас тарту) туралы шешім қабылдау;
- 44) ҚР «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» заңына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі белгілеген тәртіптің негізінде Қоғам Басқармасы қабылдайтын шешім бойынша мәмілені қоспағанда, Қоғамның ірі мәмілелерді жасауына мүдделі мәмілелерді жасасу;
- 45) Қоғамның бағалы қағаздарды кепілдікке беру туралы шарттың макұлдау;
- 46) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есепті Қоғам қызметінің корытындысы туралы жылдық есептің құрамында Жалғыз акционерге әзірлеу және ұсыну;
- 47) Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына мәселелерді шығару;
- 48) Қоғамның негізгі тәуекелдерін сипаттаң және талдап тәуекелдерді басқару бойынша Қоғамның болімшелерінің есептерін, сондай-ақ Қоғамның тәуекелдерін азайту бойынша жоспарлары мен бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша мәліметтерді тоқсан сайын қарасыру;
- 49) Қоғамның тәуекелдерін басқару жүйесінің тиімділігі көрсеткішін бекіту және Қоғамның тәуекелдерін басқару жүйесінің тиімділігі көрсеткішіне жыл сайын бағалау жүргізу;
- 50) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты Директорлар кеңесі алу мерзімі мен тәртібін анықтау, соның ішінде қаржылық;
- 51) Қоғамның өзге заңды тұлғалардың он және одан да көп акцияларының пайызын (жарғылық капиталда қатысу үлесімен) сенімгерлік басқаруга беруі туралы шешім қабылдауы;
- 52) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамага көбейту;
- 53) Қоғам директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер бойынша мәселелер тізбесін белгілейтін ішкі құжатты әзірлеу, бұлар туралы ақпарат акционерлер мен инвесторлар назарына жеткізілуге тиіс;
- 54) Қоғамның Жалғыз акционерінің құзіретіне жатпайтын, ҚР заңнамлық актілері және немесе осы Жарғыда қарастырылған өзге де мәселелер.
- 11.5. осы баптың 11.4. тармағында берілген тізбегіндегі мәселелер, Басқарма Терагасы шешуі үшін берілмейді;
- 11.6. Жарғыга сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылатын мәселелер бойынша директорлар Кеңесі шешім қабылдауға, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жок.
- 11.7. Директорлар кеңесі:
- 1) лауазымдық тұлғалар мен акционерлердің деңгейінде мүдделердің әлеуетті жағдайында қадағалау және мүмкіндігінше жою, соның ішінде Қоғамның меншігін зерттеу қайшы әрекеттермен пайдалану және мүдделігі бар мәмле жасау кезінде билігін астыра пайдалану;

- 2) Қоғамның корпоративті басқару тәжрибесінің тиімділігіне бақылау жүргізу;
- 3) Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігінің сақталын және бағалау жүргізілуін қамтамасыз ету және ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту.

12 .ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІН САЙЛАУ

12.1. Қоғамның акционері емес және акционердің мүдделерін білдіруші өкіл ретінде директорлар Кеңесіне сайдауга ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке адам директорлар Кеңесінің мүшесі бола алады. Мұндай адамдар саны директорла Кеңесінің құрамының елу пайызынан аспауы керек.

12.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі:

- 1) өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы болмауы;
- 2) бұрын осы тұлға басшылық жасаған уақытта банкрот болып танылған немесе консервацияға, санацияға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраган заңды тұлғаның басшы қызметкері болып табылған тұлға банкrottтық консервация, санация. мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.

12.3. Қоғамның Басқарма Төрағасынан басқа Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған алмайды. Қоғамның Басқарма Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланған алмайды. Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін Қоғамның Жалғыз акционері белгілейді. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы алты адамнан көп болмауы, Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі үш жылдан аспауы тиіс, мерзімі аяқталғаннан кейін Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы қайта сайлау керек болады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері кем дегендे үштен бір бөлігі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

12.4. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі тәуелсіз директор болып табылады, ол заңда каралған талаптарға сәйкес болуы керек, сонымен қатар ол:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесіне бұрын және бес ішінде сайланбаған, Қоғамның қызметкері немесе Қоғамның аффилиирді тұлғасы болып табылмайды;
- 2) Қоғам қызметкерімен жақын туыстық қатынаста (ата-анасы, ағасы, әпкесі, ұлы, қызы), некеде, сондай-ақ сапада (жұбайының ағасы, әпкесі, ата-анасы, ұлы немесе қызы) тұрмайды;
- 3) Қоғамнан немесе оның аффилииленген тұлғаларынан елеулі қаржыландыру ажыратын коммерциялық емес ұйымның аффилииленген тұлғасы болып табылмайды;
- 4) Қоғамға және оның аффилииленген тұлғаларына кез келген ақылы қызмет түрлерінде болмайды;
- 5) Қоғам қызметкері Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатын заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы болып табылмайды;
- 6) Қоғамның аудиторы болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайлануы түрлерінде болған немесе атап алған ұйымның Қоғам аудиторы немесе аффилиирді тұлғаның қызметкері болмаған;
- 7) Қоғам қабылдайтын шешімді анықтауға мүмкіндігі бар тұлға немесе жақын туысы, мұрагері, ізбасары, Қоғам қабылдайтын шешімді анықтауға мүмкіндігі бар өкілді тұлға болып табылмайтын;
- 8) Қоғам акционерінің аффилиирді тұлғасы болып табылмайтын;
- 9) Шетелдің әкімшілік немесе сот органдарында заң шығаратын, атқарушы тұлғанында болған немесе сайланған, сондай-ақ шетел мемлекеті үшін бұқаралық қызмет аткарған тұлға болып табылмайтын;
- 10) Қоғамның Жалғыз акционері бекіткен өзге де өлшемдерге сай болуы тиіс.

13. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРИ

13.1. Қоғамда Директорлар кеңесінің аса маңызды мәселелерін қарастыру мен ~~жеке~~ тараларын дайындау үшін Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады, келесі мәселелер бойынша:

- 1) тағайындау және сыйақылар төлеу;
- 2) аудит;
- 3) ҚР заңнамалары мен Қоғамның ішкі құжаттары қарастыратын өзге де мәселелер;

13.2. Директорлар кеңесінің комитеті, нақты комитетте жұмыс атқару үшін ~~жеке~~ тәжірибелі кәсіби білімді менгерген Директорлар кеңесінің мүшелері мен сарапшыларынан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Осы баптың 13.1 тармағында көрсетілген Директорлар кеңесінің басшылары (төрагалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

13.3. Директорлар кеңесі комитеттерінің қалыптасу және жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесімен бекітілген Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

14. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МУШЕЛЕРІНІҢ ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМДЕРІ

14.1. Директорлар Кеңесінің өкілеттігі мерзімі Қоғамның Жалғыз акционерімен белгіленеді.

14.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғамның бәсекелес заңды тұлғаларының директорлары кеңесі лауазымдарында жұмыс істеуге тыйым салынады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде оның бастамасымен жузеге асырылады. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің көрсетілген хабарламаны алған сәтінен бастап тоқтатылады.

14.3. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда директорлар кеңесінің жана мүшесін тағайындау Қоғамның Жалғыз акционерімен жузеге асырылады, сонмен қатар Директорлар кеңесінің жана сайланған мүшесінің өкілеттігі директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты бір уақытта аяқталады.

15. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАГАСЫ

15.1. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Қоғамның Жалғыз акционерімен сайланады.

Директорлар Кеңесінің Төрағасы болмagan жағдайда, оның қызметтерін директорлар Кеңесінің шешімі бойынша директорлар Кеңесі мүшелерінің бірі жузеге асырады.

15.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы ҚР заңнамаларында және осы ~~Жарғыда~~ белгіленген тәртіпте:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесі отырысын шақырады және оларға төрағалық етеді;
- 3) мәжіліс жүргізеді және хаттамага қол қояды;
- 4) Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен еңбек шартқа қол қояды, егер осы ~~Жарғымен~~ қарастырылмаган болса;
- 5) Қоғам атынан Тәуелсіз директормен шартқа қол қояды.

6) Қоғамның Жалғыз акционерінің немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес басқа да қызметтерді жузеге асырады.

13. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

13.1. Қоғамда Директорлар кеңесінің аса маңызды мәселелерін қарастыру мен ~~аудиторларын~~ дайындау үшін Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады, келесі мәселелер бойынша:

1) тағайындау және сыйақылар төлеу;

2) аудит;

3) ҚР заңнамалары мен Қоғамның ішкі құжаттары қарастыратын өзге де мәселелер;

13.2. Директорлар кеңесінің комитеті, нақты комитетте жұмыс атқару үшін ~~жетекшілік~~ кәсіби білімді менгерген Директорлар кеңесінің мүшелері мен сарапшыларынан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Осы баптың 13.1 тармағында көрсетілген Директорлар кеңесінің басшылары (төрагалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

13.3. Директорлар кеңесі комитеттерінің қалыптасу және жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесімен бекітілген Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

14. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМДЕРІ

14.1. Директорлар Кеңесінің өкілеттігі мерзімі Қоғамның Жалғыз акционерімен белгіленеді.

14.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғамның бәсекелес заңды ~~тұлғапарының~~ директорлары кеңесі лауазымдарында жұмыс істеуге тыйым салынады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде оның бастасымен жузеге асырылады. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің көрсетілген хабарламаны алған сәтінен бастап тоқтатылады.

14.3. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтаган жағдайда директорлар кеңесінің жаңа мүшесін тағайындау Қоғамның Жалғыз акционерімен жузеге асырылады, сонмен қатар Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшесінің өкілеттігі директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты бір уақытта аяқталады.

15. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАГАСЫ

15.1. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Қоғамның Жалғыз акционерімен сайланады.

Директорлар Кеңесінің Төрағасы болмаган жағдайда, оның ~~жыныстар~~ қызметтерін директорлар Кеңесінің шешімі бойынша директорлар Кеңесі мүшелерінің бірі жузеге асырады.

15.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы ҚР заңнамаларында және осы ~~Жарғыда~~ белгіленген тәртіпте:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

2) Директорлар кеңесі отырысын шакырады және оларға төрағалық етеді;

3) мәжіліс жүргізеді және хаттамага қол қояды;

4) Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен еңбек шартқа қол қояды, егер осы ~~Жарғымен~~ қарастырылмаган болса;

5) Қоғам атынан Тәуелсіз директормен шартқа қол қояды.

6) Қоғамның Жалғыз акционерінің немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес басқа да қызметтерді жузеге асырады.

16. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ

16.1. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша талап етуімен шақырылады:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшесін;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметін;
- 3) Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды;
- 4) Қоғамның Жалғыз акционерін.

16.2. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан түндайда, Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Қоғамның Басқармасына аталған талаппен отінші жасауга құқығы бар.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Қоғамның Төрағасы, отырысты шақыру туралы талап түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктіремей шақыруы тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

16.3. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар директорлар кеңесінің мүшелеріне, егер қоғамның жарғысында өзгеше мерзім айқындалмаса, отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік (7) жеті күн бүрүн беріледі.

16.4. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібін Қоғамның корпоративті хатшысы жасайды. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы өтетіні туралы хабарлау жіберу тәртібін Қоғамның Директорлар кеңесі анықтайды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы өтетіні туралы жазбаша хабарлауға сырттай дауыс беруге арналған сырттай дауыс беру бюллетені қоса беріледі, ол бірегей нұсқада Қоғамның Директорлар кеңесінің барлығына ұсынылады.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- 1) Қоғам Басқармасының атауы және орналасқан жері;
- 2) корпоративті хатшының қол қойылған бюллетенін ұсыну күні;
- 3) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі;
- 4) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс берудің көрітіндылары;
- 5) басқа мәліметтер.

16.5. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның Директорлар кеңесіне қатыса алмайтыны туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

16.6. Директорлар кеңесінің отырысын откізу үшін кворум қоғамның жарғысында белгіленеді, бірақ ол директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауга тиіс және Қоғамның Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелерін есептеу, техникалық байланыс құралдарын пайдаланып (бейнеконференци сеансы, телефон арқылы конференц-байланыс және т.с.) мәселелерді талқылау мен дауыс беру немесе жазбаша түрде берілген олардың дауысы арқылы қатысатындар есебімен анықталады.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны, осы Жарғыда қарастырылған кворумға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы мәселені қарауы үшін бастамшылық жасауы тиіс.

16.7. Егер, осы Жарғысымен және Заңмен қарастырылған жағдайлардың спағанда, Қоғамның директорлары кеңесінің әр мүшесі бір дауыска ие. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі, мәжіліске қатысқан Қоғамның Директорлар кеңесінің

мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысы арқылы қабылданады, егер осы жағдай Заң арқылы және осы Жарғымен қарастырылмаган болса.

Дауыс беру тең болған жағдайда Қоғамның Директорлары кеңесіне төрағалық мәселенің отырған тұлғаның немесе Қоғамның Директорлары кеңесі Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүдделілігі бар. Директорлар кеңесінің мүшесі осы мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге жеткиспайды, бұл туралы Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасында тиісті жазба жүргізіледі.

16.8. Қоғамның Директорлары кеңесі, өзінің жабық мәжілісін өткізу туралы шешім шығаруға құқылы, онда тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

16.9. Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасының қалауы бойынша директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім бюллетенде белгіленген мерзімде алынған кворум болуы жағдайда қабылданған болып танылады. Бұл жағдайда жиналыстың күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беру үшін бюллетенідер қабылданады.

1) Қоғам Басқармасының толық атауы және оның орналасқан орны; 2) сырттай жасалған мәжілістің шешімін жазбаша ресімдеу күні және орны;

3) Қоғамның директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;

4) мәжілісті шақыру бастамашысы тұлға (орган) туралы мәлімет;

5) отырыстың күн тәртібі;

6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы/болмауы туралы жазулар;

7) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібіндегі әр мәселесіне орай, Директорлар кеңесіндегі әр мүшенің дауыс беру нәтижесі бойынша қорытындысы;

8) қабылданған шешімдер;

9) өзге де мәліметтер;

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күннің ішінде, бюллетенді қоса қосып Қоғамның Директорлары кеңесінің мүшелеріне жіберіледі, осының негізінде аталған шешім шығарылды.

16.10. Директорлар Кеңесінің қатысу тәртібмен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен директорлар Кеңесінің хатшысы қол коюға және онда:

1) Қоғам Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;

2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;

3) отырыска қатысқан адамдар туралы мәліметтер;

4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша Директорлар кеңесі мүшесінің әр дауысын көрсете отырып, сол бойынша дауыс берудің қорытындысы;

6) қабылданған шешімдер;

7) директорлар Кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

16.11. Директорлар Кеңесі отырыстарының хаттамалары және директорлар Кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер Қоғамның мұрагатында сақталады.

16.12. Директорлар Кеңесінің хатшысы директорлар Кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған директорлар Кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің Қоғамның уәкілетті қызметкері қол қойып, Қоғамның мөрі басылып күйланырылған үзінді көшірмесін беруге міндетті.

16.13. Қоғамның Директорлар кеңесі отырысына қатыспаған Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі немесе Занмен және осы Жарғымен белгіленген тәртіптің берилғаны жөнінде Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген адам, сottық тәртіpte шағымдануына болады.

16.14. Қоғамның Жалғыз акционері, егер осы шешім арқылы Қоғамның және (немесе) Қоғамның Жалғыз акционерінің күкіттары мен заңдық мүдделері бұзылса, ҚР ханымалары мен осы Жарғының талаптары бұзылып қабылданса Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімін сотқа шағымдануына болады.

17. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

17.1. Қоғамның ағымдағы қызметі Басқарма Төрағасымен жүзеге асырылады.

17.2. Қоғам Басқармасы Қоғамның Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің шешімдерін орындауға міндетті.

17.3. Қоғам Басқармасының жұмыс тәртібі, оның отырыстарын шакыру мен өткізу, шешімдерді қабылдау тәртіппері Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның Басқармасы туралы ережемен анықталады.

17.4. Қоғам Бақармасының құзіретіне келесі мәселелер бойынша:

1) Қоғамды дамыту жоспарының Қоғамды дамыту стратегиясын Қоғамның Жалғыз акционерінің атқарушы органды бекітіуге шығару және мақұлдау.

2) Қоғамның Жалғыз акционерінің атқарушы органды бекіткен, Қоғамды дамыту стратегиясын, Қоғамды дамыту жоспарын, Қоғамның бюджетін, Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштеріне жетуді және олардың мақсатты мәндерін жүзеге асыру;

3) Қоғамның Жалғыз акционері мен Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерін жүзеге асыру;

4) Қоғамның Жалғыз акционері мен Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен құжаттарға қатысы жоқ, Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекіту;

5) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның дивиденттік саясатына, қаржылық есеп беру жылғы Қоғамның таза кірісін үлестіру тәртібіне, жай акциялар бойынша дивиденттер төлеуге және Қоғамның бір жай акциясын есептегендеге дивидент мөлшерін анықтауға қатысты ұсындарды қарастыру, мақұлдау және ұсыну;

6) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне өзірлеу және ұсыну;

7) Қоғамның жылдық қорытындысы туралы жылдық есепті бекіту үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне өзірлеу және ұсыну;

8) «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін қызығушылық танытқан ұйымдармен мәміле жасау туралы шешім қабылдайды;

9) Қоғамның міндеттерін өзінің жеке капиталы мөлшерінен екі пайыз (қосқанда) құрайтын көлемге ұлғайту;

10) Қоғамның мәмілелер немесе өзара біріктілген өзара байланысты мәмілелерді жасауы туралы шешімді қабылдайды, осының (осылардың) нәтижесінде Қоғаммен мүлік сатып алынады немесе иеліктен шығарылады (сатып алынған немесе иеліктен шығарылған), олардың бағасы Қоғамның активтерінің жалпы бағасынан екіден астам және оннан кем бағаны құрайды, бұған сол бойынша шешімді осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Басқарма Төрағасы қабылдайтын мәмілілер кірмейді.

11) қызметтік, коммерциялық немесе зацмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау және аталған ақпаратты қорғалуын реттейтін рәсімдерді бекіту;

12) Қоғамның Басқармасы бекіткен мәселелер тізбегі бойынша Қоғамның еншілес директорлар кеңесі мен мүдделі ұйымдардың мәжілістің күн тәртібіндегі мәселелері бойынша Қоғам өкілдерінің ұстанымдарын анықтау;

13) Қоғамның Жалғыз акционері мен өзі күзіретінде Директорлар кеңесі жүзеге асыру үшін қажетті қаржылық, материалды-техникалық және өзге де қаражаттарды бөлу;

